

№45 «Алтын балық» бобекжай-балыбақшасы» МКҚК

**2025-2026 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңес отырыс
хаттамалары**

Ақтобе

2025-2026 оқу жылы

**МКҚК №45 «Алтын балда» бөбекжай-балалбақшасында
2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес отырыстары**

№	Тақырыптар	Мерзімі	Жауапты маманлар
1.	Мектепке дейінгі білім берудегі мемлекеттік стандарт талаптары және «Адам азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жолдары	Қыркүйек	Әдіскер
2	Педагогтардың біліктілік санын арттыру: аттестаттауға дайындық, «Үстаз» платформасы арқылы портфолио жинақтау, 514-бұйрыққа сәйкес байқауларға қатысым жасау	Қазан	Әдіскер
3	Оқу қызметін тиімді жоспарлау және ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қараша	Әдіскер
4	Ойын технологиялары мен заманауи әдістер: семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру	Желтоқсан	Әдіскер
5	Балалардың тілдік және коммуникациялық дағдыларын дамытудағы әдістемелік тәсілдер	Қаңтар	Әдіскер
6	Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізу әдістемесі: сценарий құру және ұйымдастыру	Ақпан	Әдіскер
7	Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізу (тәрбие сағаты, ертеңгіліктер)	Наурыз	Әдіскер
8	Инновациятi бiлiм беру жағдайында педагогтың кәсiби құзыреттiлiгiн арттыру	Сәуір	Әдіскер
9	Педагогтың үздіксіз кәсіби дамуы: тәжірибе алмасу, семинар-практикум, әдістемелік жұмыс қорытындысы	Мамыр	Әдіскер

МККК №45 «Алтын балық» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік кеңес
өтіарысының

№ I хаттамасы

Өткізілген күні: 29.08.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім берудегі мемлекеттік стандарт талаптары және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жолдары

Күн тәртібі:

1.Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарының орындалуы.

2.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке дейінгі ұйымдарда іске асыру жолдары.

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша:

Әдіскер А.С. Басмағамбетова сөз алып, мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының негізгі талаптарын атап өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру, құндылықтарға негізделген тәрбие беру, дамытушы орта қалыптастыру қажеттілігі түсіндірілді.

2 сұрақ бойынша:

Әдіскер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі бағыттарына тоқталды:

- адамгершілік және адалдық құндылықтары;
- отансүйгіштік пен жауапкершілік;
- еңбекқорлық пен оділілікке тәрбиелеу.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

- Мемлекеттік стандарт талаптарын оқу қызметінде жүйелі түрде орындау;
- Балалардың тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына басымдық беру;
- «Адал азамат» бағдарламасын жылдық жоспарға енгізу;
- Тәрбие сағаттары мен іс-шараларды бағдарламаға сай ұйымдастыру;
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту;
- Әдістемелік жұмысты жүйелі түрде жалғастыру;
- Педагогтардың біліктілігін арттыруға жағдай жасау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

Тақырыбы:

**Мектепке дейінгі білім берудегі
мемлекеттік стандарт талаптары және
«Адал азамат» біртұтас тәрбие
бағдарламасын іске асыру жолдары**

Ақтобе

2025-2026 оқу жылы

Баяндама

Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім берудегі мемлекеттік стандарт талаптары және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жолдары

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі Мемлекеттік жадымыз міндетті стандарт негізінде жүзеге асырылады. Аталған стандарттың басты мақсаты – баланың жан-жақты дамуын, әлеуметтенуін және ұлттық, адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиеленуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда:

- баланың физикалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасау;
- жас ерекшеліктеріне сай тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру;
- тәрбиелеу мен оқытудың біріктірілген мазмұнын жүзеге асыру;
- қауіпсіз, дамытушы және қолайлы білім беру ортасын қамыптастыру міндеттері қойылған.

Осы талаптарды жүзеге асыру барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының маңызы ерекше. Бағдарламаның негізгі мақсаты – болашақ ұрпақты адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жаста бұл құндылықтарды қалыптастыру:

- күнделікті қарым-қатынас;
- ойын әрекеті;
- оқу қызметі;
- еңбек дағдылары;
- тәрбие сәттері арқылы жүзеге асырылады.

«Адал азамат» бағдарламасын іске асырудың негізгі жолдары:

- бабаларға адалдық, достық, сыйластық ұғымдарын ойын арқылы түсіндіру;
- жағдаяттық тапсырмалар мен ролдік ойындарды қолдану;
- ертегілер, әңгімелер арқылы дұрыс пен бұрысты ажырата білуге үйрету;
- тәрбиешінің жеке үлгі көрсетуі;
- ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, бағдарламаны тиімді іске асыру үшін педагогтар:

- жылдық жоспарға бағдарлама мазмұнын енгізуі;
- тәрбие іс-шараларын жүйелі ұйымдастыруы;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізуі қажет.

Қорытындылай келе, мемлекеттік стандарт талаптары мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл құжаттар мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелі, жауапты, адал тұлғаның қалыптасуына негіз болады. Сондықтан әр педагог осы бағыттағы жұмысты жүйелі әрі сапалы ұйымдастыруы тиіс.

МКҚК №45 «Алтын бала» бобожан-балабақшасы әдістемелік кеңес
отырысының

№ 2 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.09.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Педагогтардың біліктілік санатын арттыру: аттестаттауға дайындық, «Үстаз» платформасы арқылы портфолио жинақтау. 514-бұйрыққа сәйкес байқауларға қатысым жасау

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың біліктілік санатын арттыру: аттестаттауға дайындық жұмыстары.
2. «Үстаз» платформасы арқылы педагог портфолиосын жинақтау тәртібі.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №514 бұйрығына сәйкес байқауларға қатысуды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша:

Әдіскер А.С. Басмағамбетова педагогтардың біліктілік санатын арттырудың маңыздылығына тоқталып, аттестаттауға дайындық кезеңдерімен таныстырды. Аттестаттау барысында педагогтың кәсіби құзыреттілігі, әдістемелік шеберлігі және жетістіктері ескерілетіні атап өтілді.

2 сұрақ бойынша:

«Үстаз» платформасы арқылы портфолио жинақтаудың талаптары мен құрылымын түсіндірді. Портфолиоға енгізілетін құжаттар:

- кәсіби жетістіктер;
- әдістемелік жұмыстар;
- біліктілікті арттыру курстары;
- байқаулар мен іс-шараларға қатысу материалдары.

3 сұрақ бойынша:

Әдіскер №514 бұйрыққа сәйкес педагогтардың кәсіби байқауларға қатысуы біліктілік санатын арттырудағы маңызды көрсеткіш екендігін атап өтті. Байқаулар педагогтың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретіні айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

- Аттестаттауға қатысатын педагогтардың тізімі бекітілсін;
- Әр педагогтың жеке дайындық жоспары құрылсын;
- Әдістемелік көмек көрсету жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
- Педагогтарға «Үстаз» платформасымен жұмыс жасау бойынша нұсқаулық берілсін;
- Портфолио материалдарын уақтылы және талапқа сай жүктеу қадағалансын.
- Байқауларға дайындық жұмыстары әдістемелік қолдаумен жүргізілсін;
- Қатысу нәтижелері портфолиоға енгізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

Тақырыбы:

**Педагогтардың біліктілік санатын
арттыру: аттестаттауға дайындық,
«Ұстаз» платформасы арқылы
портфолио жинақтау. 514-бұйрыққа
сәйкес байқауларға қатысым жасау**

Баидама

Тақырыбы: Педагогтардың біліктілік санатын арттыру: аттестаттауға дайындық.

«Үстаз» платформасы арқылы портфолио жинақтау, №514 бұйрыққа сәйкес байқауларға қатысу

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі таңда білім беру санасын арттыруда педагогтың кәсіби дамуы мен біліктілігін жетілдіру – басты талаптардың бірі болып табылады. Осы орайда педагогтардың біліктілік санатын арттыру, аттестаттауға жүйелі дайындық және кәсіби жетістіктерді дәлелдейтін портфолио жинақтау маңызды рөл атқарады.

Педагогтарды аттестаттау – олардың кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік шеберлігін және шығармашылық әлеуетін бағалауға бағытталған үдеріс.

Аттестаттауға дайындық барысында педагог:

- өз қызметін талдайды;
- кәсіби жетістіктерін жүйелейді;
- әдістемелік жұмыстарын жинақтайды;
- үздіксіз білімін жетілдіреді.

Қазіргі таңда педагог портфолиосын жинақтау «Үстаз» платформасы арқылы жүзеге асырылуда. Бұл платформа педагогтың кәсіби қызметін ашық әрі жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Портфолио құрамына:

- біліктілікті арттыру курстары туралы сертификаттар;
- оқу-әдістемелік әзірлемелер;
- ашық сабақтар мен іс-шаралар;
- марапаттар, алғыс хаттар;
- байқаулар мен жобаларға қатысу нәтижелері енгізіледі.

Портфолио материалдарын жинақтау кезінде құжаттардың талапқа сай, сапалы әрі уақтылы жүктелуі маңызды. Бұл аттестаттау кезінде педагогтың кәсіби деңгейін дәлелдеудің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби өсуіне ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №514 бұйрығына сәйкес өткізілетін байқауларға қатысу. Аталған байқаулар педагогтардың шығармашылық қабілетін дамытып, тәжірибе алмасуына, кәсіби беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Байқауларға қатысу:

- педагогтың белсенділігін арттырады;
- инновациялық тәжірибені таратуға жол ашады;
- аттестаттау кезінде маңызды көрсеткіш ретінде ескеріледі.

Қорытындылай келе, педагогтардың біліктілік санатын арттыру – үздіксіз және жүйелі еңбекті талап ететін үдеріс. Аттестаттауға сапалы дайындық, «Үстаз» платформасы арқылы портфолионы дұрыс жинақтау және №514 бұйрыққа сәйкес байқауларға белсенді қатысу – әр педагогтың кәсіби дамуының кепілі.

Сондықтан әдістемелік қызмет педагогтарға бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуі тиіс. Ал әр педагог өз кәсіби өсуіне жауапкершілікпен харап, үздіксіз дамуға ұмтылуы қажет.

МҚКҚ №45 «Алтын бала» бөбекжай-бақалық ортасы әдістемелік кеңес
отырысының

№ 3 хаттамасы

Открыланган күні: 28.10.2025ж

Қатысқандар: баршақ педагогтар

Тақырыбы: Оқу қызметін тиімді жоспарлау және ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық

Күн тәртібі:

1. Оқу қызметін тиімді жоспарлау жолдары.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҮОҚ) дайындық талаптары.

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша:

Әдіскер А.С. Басмағамбетова сөз сөйлеп, оқу қызметін тиімді жоспарлаудың маңыздылығына тоқталды. Оқу қызметін жоспарлау барысында:

- мемлекеттік стандарт талаптарын сақтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- оқу мақсаттарының нақты қойылуы;
- оқу қызметінің құрылымынан жүйелілігі негізгі назарда болуы қажет екені айтылды.

2 сұрақ бойынша:

Әдіскер ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындықтың негізгі талаптарын түсіндірді. Ашық ҮОҚ барысында:

- оқу мақсатының нақты болуы;
- тиімді әдіс-тәсілдердің қолданылуы;
- көрнекі құралдардың сапаты дайындалуы;
- балалардың белсенді қатысуы;
- педагогтың кәсіби шеберлігі маңызды екені атап өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыданып, төмендегідей шешім қабылданды:

- Оқу қызметін жоспарлау мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізілсін;
- Жоспарлау кезінде кіріктірілген тәсіл қолданылсын;
- Балалардың белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдер пайдаланылсын.
- Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің қостесі бекітілсін;
- Педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілсін;
- Ашық ҮОҚ-қа дайындық ақшын ала жоспарлансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

**Тақырыбы: Оқу қызметін тиімді
жоспарлау және ашық ұйымдастырылған
оқу қызметіне дайындық**

Ақтобе

2025-2026 оқу жылы

Бағдарлама

Тақырыбы: Оқу қызметін тиімді жоспарлау және ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі – оқу қызметін тиімді жоспарлау және оны талапқа сай ұйымдастыру болып табылады. Жоспарлау педагогтің кәсібін шеберлігін, жүйелі жұмысын және оқу үдерісінің нәтижелілігін айқындайды.

Оқу қызметін жоспарлау барысында ең алдымен мемлекеттік стандарт талаптары басшылыққа алынады. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктері, жеке қабілеттері мен қызығушылықтары ескерілуі тиіс. Тиімді жоспарлау:

- оқу мақсатының нақтылығын;
- оқу қызметінің құрылымының жүйелілігін;
- әдіс-тәсілдердің дұрыс таңдалуын;
- уақытты тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда оқу қызметін ұйымдастыруда кірістірілетін тәсілді қолдану маңызды. Бұл тәсіл арқылы бір оқу қызметінде бірнеше білім саласының мазмұны қамтылып, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасалады. Ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, зерттеу элементтері балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтеді.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі – педагогтің кәсібін тәжірибесін көрсетуге, әдістемелік шеберлігін арттыруға бағытталған маңызды іс-шара. Ашық оқу қызметіне дайындық алдын ала және мұқият жүргізілуі қажет. Дайындық барысында:

- оқу мақсаты мен жүтілетін нәтиже нақты белгіленеді;
- оқу қызметінің жоспары толық әрі жүйелі құрылады;
- көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдар дайындалады;
- қолданылатын әдіс-тәсілдер таңдалып, кезең-кезеңімен

ойластырылады.

Ашық оқу қызметі кезінде педагог балалармен еркін қарым-қатынас орнатып, олардың белсенді қатысуына жағдай жасауы тиіс. Балалардың өз ойын еркін айтуы, тапсырмаларды қызығушылықпен орындауы – оқу қызметінің нәтижелілігінің басты көрсеткіші.

Қорытындылай келе, оқу қызметін тиімді жоспарлау мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне сапалы дайындық – педагогтің кәсібін өсуіне және білім беру сапасының артуына ықпал етеді. Әр педагог өз жұмысын талдап, тәжірибесін жетілдіру арқылы оқу қызметін жаңа талаптарға сай ұйымдастыру қажет.

МҚКК №45 «Алтын балда» бөбекжай-балыбақшысы әдістемелік кеңес отырысының

№ 4 шіттамасы

Өткізілген күні: 24.11.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Ойын технологиялары мен заманауи әдістер: семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру

Күн тәртібі:

- 1.Ойын технологиялары мен заманауи педагогикалық әдістерді оқу-тәрбие үдерісінде қолдану.
- 2.Семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру жолдары.

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша:

Әдіскер А.С.Басмағамбетова сөз сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларының маңыздылығына тоқталды. Ойын арқылы оқыту балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатыны атап өтілді. Сонымен қатар, заманауи әдістерді қолдану оқу қызметінің тиімділігін арттыратыны айтылды.

2 сұрақ бойынша:

Әдістер семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастырудың мақсаты мен мазмұнын түсіндірді. Семинарлар мен шеберлік сағаттары педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға, тәжірибе алмасуға бағытталатыны атап өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

- Ойын технологиялары бойынша семинарлар жоспары бекітілсін;
- Тәжірибелі педагогтар шеберлік сағаттарын өткізсін;
- Семинарлар мен шеберлік сағаттарының қорытындылары талдансын.
- Ойын технологияларын оқу қызметіне жүйелі енгізу;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай әдістерді қолдану. Заманауи әдістерді қолдану тәжірибесін кеңінен тарау;
- Әдістемелік жұмысты жүйелі түрде жалғастыру.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

Тақырыбы: Ойын технологиялары мен заманауи әдістер: семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру

Ақтобе

2025-2026 оқу жылы

Баяндама

Тақырыбы: Ойын технологиялары мен заманауи әдістерді оқу қызметінде тиімді қолдану

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда ойын технологиялары мен заманауи әдістерді тиімді қолдану ерекше маңызға ие. Мектепке дейінгі жаста бала үшін ойын – негізгі әрекет, сондықтан оқу-тәрбие үдерісін ойынмен ұштастыру білімнің сапасын арттырады.

Ойын технологиялары баланың ойлау қабілетін, сөйлеу дағдысын, шығармашылық белсенділігін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға мүмкіндік береді. Дидактикалық, рөлдік, қимыл-қозғалыс, дамытушы ойындар арқылы балалар оқу қызметіне қызығушылықпен қатысады және алған білімдерін еркін қолдана алады.

Сонымен қатар, заманауи педагогикалық әдістер оқу қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Кіріктірілген оқыту, жобашық әдіс, зерттеу элементтері, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану балалардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Бұл әдістер педагогтың шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Аталған технологиялар мен әдістерді тәжірибеге енгізуде семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастырудың маңызы зор. Семинарлар педагогтардың теориялық білімін толықтырса, шеберлік сағаттары тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Тәжірибелі педагогтардың ашық іс-тәжірибесін тарату әдістемелік жұмыстың сапасын арттырады.

Қорытындылай келе, ойын технологиялары мен заманауи әдістерді тиімді қолдану – педагогтың кәсіби дамуының маңызды көрсеткіші. Әдістемелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыруға болады.

**МККК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік кеңес
отырысының**

№ 5 хаттамасы

Өткізілген күні: 22.12.2025ж.

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы әдістемелік тәсілдер

Күн тәртібі:

1. Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы заманауи әдістемелік тәсілдер.
2. Тәрбие-білім беру процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесі.

Тыңдалы:


1. Әдіскер А.С. Басмағамбетова баяндамада балалардың тілдік дамуын жетілдіруде қолданылатын ойын технологиялары, диалогтік оқыту, көркем әдебиетті пайдалану, сөздік қорды байыту әдістері туралы айтылды. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда ролдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалардың маңыздылығы атып өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуда заманауи әдістемелік тәсілдерді білім беру процесіне жүйелі түрде енгізу.
2. Тәрбиешілерге тіл дамыту бойынша ойын технологияларын, диалогтік және интерактивті әдістерді кеңінен қолдану ұсынылды.
3. Оңат тәжірибелерді жинақтап, әдістемелік қоржын қалыптастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен тіл дамыту жұмыстары күшейтілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

МККК №45 «Алтын балта» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы әдістемелік тәсілдер»

Ақтөбе

2025-2026 оқу жылы

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы әдістемелік тәсілдер

Қазіргі білім беру кеңістігінде баланың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту – тұлғаның жан-жақты қалыптасуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Тіл – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, сонымен қатар ойын ойлау, танып, әлеуметтік бейімделу қабілеттерінің негізі.

Балалардың тілдік дағдыларына сөздік қордың бай болуы, дыбыстарды дұрыс айту, байланыстырып сөйлеу, өз ойын еркін жеткізе білу жатады. Ал коммуникативтік дағдылар – тыңдай білу, сұрақ қою, диалогқа түсу, өз пікірін дәлелдей алу, құрдастарымен және ересектермен мәдени қарым-қатынас орнату қабілеттері.

Тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамытудың негізгі әдістемелік тәсілдері:

1. Ойын технологиялары

Ойын – баланың жетекші әрекеті. Сюжеттік-рольдік, дидактикалық, сөздік ойындар балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, жаңа сөздерді меңгеруіне ықпал етеді. Рольдік ойындар арқылы балалар диалог құруды, өз ролін сөзбен жеткізуді үйренеді.

2. Диалогтік оқыту әдісі

Баланы сұрақ-жауапта тарту, пікір алмасу, әңгімелесу арқылы оның ойлау және сөйлеу қабілеті дамиды. Ашық сұрақтар қою баланың еркін сөйлеуіне мүмкіндік береді.

3. Көркем әдебиетті пайдалану

Ертегілер, әңгімелер, өлеңдер балалардың сөздік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Мәтін бойынша сұрақ қою, мазмұнын айтысу, кейіпкерлерге мінезге беру – байланыстырып сөйлесуді дамытудың тиімді жолы.

4. Жағдаяттық тапсырмалар

Күнделікті өмірге жақын жағдаяттар (дүкенде, қонақта, балибақшада) арқылы балалар қарым-қатынас жасау ережелерін меңгереді және өз ойын нақты жеткізуге дағдыланады.

5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Суреттер, бейнематериалдар, интернеттің тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттырып, сөйлеу белсенділігін ынталандырады.

Қорытынды

Балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту – жүйелі, мақсатты және кешенді жұмысты талап етеді. Тәрбиеші әр баланың жас және жеке ерекшелігін ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы қажет. Сонымен қатар ата-анамен тығыз байланыс орнату тілдік дамудың нәтижелілігін арттырады.

Осы бағыттағы жұмыстар баланың өз ойын еркін жеткізе алатын, қарым-қатынасқа бейім, белсенді тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбесжай-балалықшаы әдістемелік кеңес
отырысының

№ 6 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.01.2026ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізу әдістемесі:
сценарий құру және ұйымдастыру

Күн тәртібі:

- 1.Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері.
- 2.Сценарий құрудың құрылымы мен мазмұны.
- 3.Іс-шараларды өткізу барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Тыңдалды:

1.Әдіскер А.С.Басмағамбетова ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шаралардың тәрбиелік маңызына тоқталып, оларды ұйымдастыруда мақсат пен міндеттің нақты айқындалуы қажет екенін атап өтті.

Сценарий құру барысында іс-шараның тақырыбы, балалардың жас ерекшелігі, қатысушылардың мүмкіндіктері, музыкалық және көркемдік безендірудің үйлесімділігі маңызды екендігі айтылды.

Балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін қысқа, мазмұнды және қысқакты сценарийлер құрудың тиімділігіне тоқталды.

2.Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда ата-аналардың қатысуы мен қолдауын арттыру қажеттігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

- 1.Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда әдістемелік талаптар сақталсын.
- 2.Сценарий құру кезінде балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілсін.
- 3.Әрбір іс-шараның мазмұны тәрбиелік, танымдық және дамытушылық бағытта құрылсын.
- 4.Музыкалық жетекші мен тәрбиешілердің өзара бірлескен жұмысы күшейтілсін.
- 5.Оқат сценарийлер жинақталып, әдістемелік көр қолыптастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ш.Т.Жусупова



А.С.Басмағамбетова

Баяндама

Тақырыбы: Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізу әдістемесі: сценарий құру және ұйымдастыру

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізу әдістемесі: сценарий құру және ұйымдастыру

Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шаралар – білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі. Мұндай іс-шаралар балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, олардың эстетикалық талғамын, мәдени мінез-құлдан қалыптастыруға, ұжымда өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мерекелік іс-шараларды тиімді өткізу ең алдымен дұрыс ұйымдастыру мен мазмұнды сценарий құруға байланысты. Сценарий – іс-шараның негізгі құжаты, онда мақсат, міндет, құрылым және барлық әрекеттердің реті нақты көрсетілуі тиіс.

Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:

1. Мақсат пен міндеттерді анықтау

Іс-шараның тақырыбына сәйкес тәрбиелік, дамытушылық және танымдық мақсаттар белгіленеді. Бұл балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Сценарий құру

Сценарий мазмұны логикалық құрылымға негізделуі керек: кіріспе бөлім, негізгі бөлім және қорытыншы. Онда өлеңдер, әндер, биілер, көріністер мен ойын элементтері үйлесімді енгізіледі. Балалардың белсенді қатысуы басты назарда болуы тиіс.

3. Жас ерекшеліктерін ескеру

Кіші жастағы балалар үшін қысқа, қызыл-қозғалысқа бай тапсырмалар тиімді болса, ересек топтарда рөлдік көріністер мен шығармашылық тапсырмалар қолдануға болады.

4. Музыкалық және көркемдік безендіру

Музыкалық сүйемелдеу, сахналық безендіру, костюмдер мен атрибуттар іс-шараның әсерлі өтуіне ықпал етеді. Безендіру баалаардың қауіпсіздігі мен эстетикалық талғамына сай болуы қажет.

5. Ұйымдастыру және үйлестіру

Тәрбиеші, музыка жетекшісі және басқа мамандардың бірлескен жұмысы іс-шараның сәтті өтуін қамтамасыз етеді. Репетициялар өткізіліп, балалардың өздерін еркін сезінуіне жағдай жасалады.

Қорытынды

Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізу барысында дұрыс әдістемелік тәсілдерді қолдану балалардың шығармашылық әлеуетін ишуга, өзіне деген сенімділігін арттыруға және ұжымдық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жақсы ойластырылған сценарий мен сауатты ұйымдастыру – мерекенің сәтті өтуінің басты кепілі.

Осы бағыттағы жұмыстар балалардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және жиынды эмоциялық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

МККК №45 «Алтын бала» бөбөкжөй-балабакшасы әдістемелік кеңес
отырысының

№ 7 хаттамасы

Отырылған күні: 23.02.2026ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізу
(тәрбие сағаты,ертеңгіліктер)

Күн тәртібі:

1. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктерде
тиімді қолдану жолдары.

Тыңдалды:

1.Әдіскер ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізудің
маңыздылығы туралы баяндады.

Баяндамада тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер арқылы балаларға ұлттық тәрбие
беру, халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық ойындар мен
өнерді насихаттау жолдары қарастырылды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық мазмұндығы іс-шараларды
ұйымдастыру, ұлттық киімдер, халық әндері мен билерін қолдану арқылы
олардың рухани-аламгершілік қасиеттерін қалыптастырудың тиімділігі атап
өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1.Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктердің
мазмұнына жүйелі түрде енгізу.

2.Тәрбие сағаттарында ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, мәдени-
мәтелдер мен нақыл сөздерді кеңінен пайдалану.

3.Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларда ұлттық ойындар, әндер, билер мен
көріністерді қолдану.

4.Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұлттық тәрбие беруге бағытталған
сценарийлер әзірлеу.

5.Ұлттық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар бойынша әдістемелік жор жинақтау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізу (тәрбие сағаты, ертеңгіліктер)

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізу (тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер арқылы)

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу – тәрбие жұмысының басты бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді бала бойына сіңіру оның туған халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтейтін, отансүйгіш тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Ұлттық тәрбие – бұл баланың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды тиімді енгізудің бір жолы – тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктерді мазмұнды, жүйелі түрде ұйымдастыру.

Тәрбие сағаттарында ұлттық құндылықтарды енгізу

Тәрбие сағаттарында балаларды халқымыздың салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, ұлттық мерекелерімен таныстыруға болады. Мақал-мәтелдер, табылм сөздер, жақшал сөздер арқылы балалардың ой-өрісі кеңейіп, сөздік қоры молайды. Ұлттық ойындар мен шағын көріністер балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін көтереді.

Ертеңгіліктер арқылы ұлттық тәрбие беру

Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шаралар – ұлттық құндылықтарды балаларға көрнекі әрі әсерлі түрде жеткізудің тиімді формасы. Мұндай іс-шараларда ұлттық киімдер, халық әндері мен билері, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер көрініс табады. Әсіресе Наурыз мейрамы, Тәуелсіздік күні сияқты ұлттық мерекелер балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Әдістемелік тәсілдер

Ұлттық құндылықтарды енгізуде төмендегі әдістемелік тәсілдер тиімді болып табылады:

- ұлттық мазмұндағы ойын технологиялары;
- көріністер мен рольдік ойындар;
- халық ауыл әдебиеті үлгілерін пайдалану;
- музыкалық және көркемдік элементтерді үйлестіру;
- ата-анамен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді тәрбие үдерісіне енгізу – үздіксіз әрі жүйелі жұмысты талап етеді. Тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктерді ұлттық мазмұнда ұйымдастыру арқылы балалардың рухани дүниесі байып, ұлттық сана-сезімі қалыптасады. Бұл өз кезегінде ұлттық мәдениетті құрметтейтін, салт-дәстүрді қастердей білетін тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

МККК №45 «Алтын бала» бөбекжай-бақшадағы әдістемелік кеңес отырысының

№ 8 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.03.2026ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру

Күн тәртібі:

1.Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары.

Тыңдалды

1.Инклюзивті білім берудің маңыздылығы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізудегі педагогтың ролі туралы баяндама тыңдалды.

Баяндамада педагогтың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар, инклюзивті ортада жұмыс істеуге қажетті білім, білік және дағдылар қарастырылды.

Сонымен қатар жеке білім беру маршрутын құру, дифференциалды оқыту, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, мамандармен (психолог, логопед, дефектолог) өзара ынтымақтастықта жұмыс істеудің маңыздылығы атап өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1.Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар ұйымдастыру.

2.Педагогтарға инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарына қатысу ұсынылды.

3.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде жеке және сараланған әдіс-тәсілдерді қолдану.

4.Педагогтар арасында тәжірибе алмасу, семинарлар мен шеберлік сыныптарын өткізу.

5.Психолог, логопед, дефектолог мамандармен бірлескен жұмысты күшейту.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Ш.Т.Жусупова

А.С.Басмағамбетова

Баяндама

**Тақырыбы: Инклюзивті білім беру
жағдайында педагогтың кәсіби
құзыреттілігін арттыру**

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру – барлық балаларға тең мүмкіндік жасауға бағытталған маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі ерекше маңызға ие, себебі педагог баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, сапалы білім мен тәрбие беруді қамтамасыз етуі тиіс.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – бұл оның теориялық білімі, практикалық дағдылары, кәсіби көзқарасы мен тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді қарым-қатынас орнату білуі, әр баланың әлеуетін ашуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагог құзыреттілігінің негізгі бағыттары

Біріншіден, педагог инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс.

Екіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің дифференциалды және жеке тәсілдерін қолдана білуі маңызды. Әр балаға жеке білім беру маршрутын құру, икемді оқыту әдістерін пайдалану педагогтың кәсіби шеберлігін көрсетеді.

Үшіншіден, педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі ерекше рөл атқарады. Ата-аналармен, әріптестермен және мамандармен (психолог, логопед, дефектолог) тиімді өзара әрекеттесу инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асуына ықпал етеді.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары

Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін:

- біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;
- тәжірибе алмасу алаңдарын құру;
- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- өзінің дамуы мен кәсіби рефлексия жүргізу маңызды болып табылады.

Қорытынды

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру – үздіксіз әрі жүйелі үдеріс. Кәсіби тұрғыдан дайын, жауапкершілігі жоғары педагог қана инклюзивті ортада әр баланың білім алуға деген құқығын толық қамтамасыз ете алады. Сондықтан педагогтың кәсіби дамуына жағдай жасау – білім беру ұйымының басты міндеттерінің бірі.